

"Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 желтоқсан N 1362

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы
арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы
Қосымша Келісімді бекіту туралы

1997 жылғы 24 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы
арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы
Қосымша келісім

1994 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы мен Қытай халық Республикасы

арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімге" қосымша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы алпыс тоғызыншы және соңғы шекаралық нүктелер арасындағы қазақстан-қытай шекарасының келісілген сызығының өтуін анықтау және белгілеу мақсаттарында төмендегілер жөнінде келісті:

1 - б а п

1994 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімнің" 2-бабында суреттелген Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараның сызығы оның алпыс тоғызыншы шекаралық нүктесінен Меридианальная жотасының қырқасы бойынша (қытай картасында - аты жоқ жота) батыс-оңтүстік-батыс бағытында жетпісінші шекаралық нүктеге дейін келеді. Бұл шекаралық нүкте жоғарыда аталған жотаның қырқасында 6637.0 белгісімен биіктікте (қытай картасында - 6570) Қазақстан аумағында тұрған Безымянная тауынан (қытай картасында - 5790 белгісімен биіктік) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.8 км және 6107.0 белгісімен Қытай аумағында тұрған биіктіктен (қытай картасында - 6161) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 3.6 км қашықтықта орналасқан.

Жетпісінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекараның сызығы Тенгиртау жотасының қырқасы бойынша (қытай картасында - аты жоқ жота) жалпы батыс бағытында жетпіс бірінші шекара нүктесіне дейін келеді. Бұл шекара нүктесі қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының соңғы нүктесі болып табылады және Хан-Тенгри шыңының құзар басында 6995.2 белгісімен (қытай картасында - 6995) қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасында тұрған 6146.0 белгісімен биіктіктен (қытай картасында - 6105) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 11.2 км орналасқан және Қытай аумағында тұрған 6107.0 белгісімен биіктіктен (қытай картасында - 6161) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 8.0 км қашықтықта орналасқан.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараның жоғарыда суреттелген сызығы 1:100000 масштабтағы бұрынғы КСРО-ның картасында және ҚХР-дің картасында қызыл түспен түсірілген. Мемлекеттік шекара сызығын суреттеуде аталған барлық қашықтықтар осы карталар бойынша өлшенген.

Қазақстан мен Қытайдың арасындағы мемлекеттік шекараның сызығы қызыл түспен түсірілген жоғарыда аталған карталар осы Келісімге қоса беріледі және оның а ж ы р а м а с б ө л і г і н қ ұ р а й д ы .

2 - б а п

Уағдаласушы Тараптар 1994 жылғы 6 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық республикасының арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы

туралы келісімнің" 1,4,5,6,7 және 8-баптарының ережелері сондай-ақ осы келісімге қ а т ы с т ы д а қ о л д а н ы л а д ы .

3 - б а п

Уағдаласушы Тараптар олардың әрқайсысында осы Келісімнің күшіне енуі

үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы бір-біріне хабарлайды.

Осы Келісім осындай жазбаша хабарлардың соңғысы түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Алматы қаласында 1997 жылғы 24 қыркүйекте екі дана болып, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды. Түсіндіру кезінде пікір алшақтықтары болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді негізге алады.

Қазақстан
Республикасы үшін

Қытай Халық
Республикасы үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Нарбаев Е.